

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№4/2024

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токал Газиосманпаша университеті, Токал, Туркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 24.12.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 24.12.2024 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типопр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 24.12.2024 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS

АКИЖАНОВА Д.М., ОМАРОВА А.С., ЧЕШМЕДИЕВА-СТОЙЧЕВА Д.С.	Вопросы межъязыковой передачи топонимов Республики Казахстан	7
АҚЖІПТОВА А.О., САЛҚЫНБАЙ А.Б., СӘРСЕНБАЙ Ж.А.	Абай өлеңдеріндегі окказионалды субстантиваттар	18
АУБАКИРОВА А.Е., ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш., ЖУАНЫШПАЕВА С.Ж.	Новые термины на казахском языке: история и опыт	32
ӘЛІСЖАН С.Қ.	Термин қалыптастырудың өзекті мәселелері	44
БЕКЕНОВА Г.Ш.	Тұрақты тіркестердегі «төрт түлік мал» концептісі	53
ДАВЛЕТОВА С.Е., БИЖКЕНОВА А.Е.	Вернакулярлық контенттерді жер атауларында қолдану және оның тілдік-танымдық ерекшеліктері	61
ДОЛДИНОВ С.А. ЖУСУПОВА Г.М. ВЕРБА Е.А.	Аргументация и убедительная речь в политике Казахстана	76
ЖАКУПОВ Ж.А., ТҮЙЛЕБАЕВА Қ.Б.	Сөз семасиологиясындағы синергетика	88
ИБРАЕВА М.Б.	Постсубмәдениет өкілдерінің тілдік бейнесі	98
ISKAKOVA G.ZH., RYSPAYEVAD S.	Language and emotions: emotional lexicon in a literary text (based on the works of A. Kekilbayev, Ch. Aitmatov)	107
ИСПАНДИЯРОВА А.Т.	Қазақ халық лирикасындағы когнитивті метафораның семантикалық сипаты	121
SAGIDOLDA G., RAINBEKOVA G.S.	On lexicography of antonyms in the kazakh language	130
ТҮРҒАНБАЕВА Қ.М., САРЕКЕНОВА Қ.Қ.	Қазақ-түрік тілдеріндегі баланың дүниеге келуіне қатысты фразеологизмдердің этнографиялық сипаты	138
УРАЗАЕВА Қ.Б., ЖАРҚЫНБЕКОВА Ш.Қ., ЕРІК Г.	Языковая личность бия и эффективная коммуникация	147

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES

АБДРАСИЛ Н.С., ЖАПАРОВА А.Ж.	Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі метафораларды салыстырмалы талдау (түпнұсқа және аударма нұсқалары негізінде)	158
АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., ДАУЫЛБАЙ М.	Әбіш Кекілбайдың «Ханша-дария» хикаясындағы Гүрбелжін бейнесі	171
АСАН Н.Б., ХАЛИКОВА Н.С.	Әлішер Рахаттың «Параллель» романының қазіргі қазақ прозасының дамуындағы орны	179
БАЙТУРИНА У.К.	Русский социализм Н.Г. Чернышевского и русская идея Ф.М. Достоевского	189

КӘРІМХАН З.Т., ӘУБӘКІРОВА Қ.Ә., ТОҚТАРБАЙ Е.Н. МАНСУРОВА Ә.Ж. ОРДА Г.Ж.	Қазақ әдебиетіндегі мемуаристика. Отыншы Әлжанұлы жазған қазанама естелік ретінде	199
НЕСИПБЕКОВА А.С., СМАГУЛОВ Ж.К.	Мағжан мен Сәкен: тұлғалар тұтастығы	216
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б., БІРЛЕСОВА Б.Б.	Қазақ әңгімелеріндегі бақсы сарыны	225
TASNEKOVA A.T., ZHURUSSOV N.K., SHARAUOV A.K	Ideological and thematic basis of children's folklore in the research of Bekmurat Uakhatov	238
ТУРСЫНХАНОВА Қ.Қ., МУКАЖАНОВА Р.М. *ХУСАИНОВА А.К.	Шәкәрімнің ақындық кітапханасы Түркі фольклорындағы «әйел» бейнесінің гендерлік аспектісі	249 260

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ /
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ /
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

JANDILDINOV M.K., ZHAPAROVA A.ZH., TUSSUPBEKOVA M. ZH.	The role of online resources in the process of english learning	270
КЕРІМБЕКОВА Б.Д. ОТАРБАЕВА Ғ.Н.	Әдебиет сабағында оқушылардың креативті ойлауын қалыптастыра отырып шығармашылыққа баулу жолдары	281
ҚУАНБАЕВА Ж.С., БАЙҒҰТОВА Д.Н., ИБРАГИМОВА У.Б.	Цифрлық білім беруде геймификация оқытудың жаңа тәсілі ретінде	291

*Ж.А. ЖАҚЫПОВ¹



Қ.Б. ТУЙЛЕБАЕВА²



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан^{1,2}
(e-mail: zhan.zhak58@gmail.com¹, TKB.84@mail.ru²)

СӨЗ СЕМАСИОЛОГИЯСЫНДАҒЫ СИНЕРГЕТИКА

Аңдатпа. Қазіргі кезде адамның тілдегі бейнесіне, тілдің санамен байланысына қызығушылық арта түсті, тілдік бірліктердің және олардың жұмысының психикалық құрылымдармен және танымдық процестермен тығыз байланысты болуы бірқатар ғылыми зерттеулердің негізіне айналды.

Тіл жанды құбылыс болғандықтан үнемі даму үстінде болады. Тілдің дамуы дегеніміз сол тілді құрайтын сөз мағынасының алмасуы, құбылуы, өзгеруі, кеңеюі, тарылуы және жаңа сипат алуы. Сөздердің мұндай өзгеріске ұшырауының басты себебі заттың, құбылыстардың, олардың қасиетінің, қызметінің кеңеюі, сондай-ақ сол ұғымның кең танылумен байланысты. Тіпті кейбір сөздер ғасырлар бойы тұрақсыз өзгеріске ұшырай беруі мүмкін. Бұл тіл жүйесіне әсер етуші сыртқы және ішкі факторларға байланысты, аталған факторлар тиісінше сөздер мен олардың мағыналарының ауысуына әсер етеді.

Мақала тіл жүйесінде орын алатын құбылыстарға, тіл жүйесінің динамикалық өзгерісіне, атап айтқанда, бұрыннан қолданыстан шыққан сөздер мен сөз тіркестерінің қайта жаңғырып, қолданысқа енуіне, олардың жаңа мәдени-коммуникативтік контекстерде қайталануына, тіл жүйесінің үнемі қозғалыста және ашық болуына байланысты сөз мағынасының құбылып, көпмағыналылық пен мағынаның шексіз ұлғаюын қалыптастыратын тілдік жүйедегі синергиялық құбылысқа арналады.

Түйін сөздер: синергетика, лингвосинергетика, семасиология, хаос, конверсия, көпмағыналылық, кеңмағыналылық.

Кіріспе. Қазіргі тіл білімі саласында жаңа парадигма ретінде қарастырыла бастаған синергетиканың ең басты қызметінің бірі - жүйеде орын алатын өзгерістерді бір жүйеге келтіру, жүйелеп жинақтау және хаостан реттілікке ауыстыру болғандықтан, синергетика зерттелетін объектілерге жаңа зерттеу қырынан қарауды ұсынады. Әлемдік лингвистикада синергетика ілімінің әдіснамалық мүмкіндіктерін тілтанымдық зерттеулер үшін қолдану тәжірибеге еніп, тілді және оның ішкі қабаттарын (фонетика, сөзжасам, лексикология, сөйлем, мәтін, дискурс, аударма және т.б.) синергетикалық жүйе ретінде дәлелдеуге ұмтылыстар жасалуда. The phenomenon of synergistic effects within the realm of linguistics has garnered considerable attention in the field of functional linguistics and linguosynergetics / Лингвистика саласындағы синергетика құбылысы функционалды лингвистика және лингвосинергетика саласында айтарлықтай назар аударды [1, 370].

Осы бағыттағы тілтанымдық ізденістердің нәтижесі лингвистиканың жаңа тармағы – тіл синергетикасының /лингвосинергетиканың қалыптасуына ықпал етті.

Әлемде болып жатқан өзгерістер, сәйкесінше коммуникативті қажеттіліктер тілде және оның әртүрлі ішкі жүйелерінде әртүрлі өзгерістер бірге жүретінін көрсетеді, қоғамда болып жатқан сан түрлі құбылыстар тіл жүйесінің фонетикалық, грамматикалық және лексикалық құрылымына әсер ететіні белгілі.

Бұл өзгерістер тілде жаңа лексиканың пайда болуына әкеледі, сөз мағынасын қалыптастырудың, сөзжасамның/түрлендірудің жаңа тәсілдері мен құралдары қазіргі қоғамның жаһандануына реакциясы ретінде сөз синергетикасының маңызы зор. Осы тұрғыдан алып қарағанда әлеуметтік-экономикалық себептерден туындаған жаңа контекстік ұғымдардың атаулары жаңа лексикалық және семантикалық туынды құралдардың, мысалы сөзжасам, окказионализация (жеке автор туғызған кездейсоқ неологизм) және неологизация, конверсия (сөздердің бір лексикаграмматикалық категориядан екінші түрдегі категорияға ауысуы) әдісі, аффиксация (аффикс енгізу арқылы сөздерді немесе грамматикалық формаларды қалыптастыру), лексикалық, семантикалық, аббревиатуралық, синтаксистік компрессия сияқты жаңа тәсілдер мен құралдарының пайда болуын атап өткен жөн.

Лексика саласындағы мұндай өзгерістер - «лексикалық құралдар айналымы» немесе сөз синергиясы деп атауға болатын құбылыс. Бұл құбылыс сөздің қолдану аймағының кеңеюін және жаңа мәселелердің, мысалы, мәдениетаралық коммуникация мәселелерін, адами қарым-қатынас тиімділігінің проблемаларын анықтайды. Нәтижесінде ғылымның жаңа бөлімдері коммуникология, лингвопрагматика, сөйлеу негіздері сияқты жаңа бір сала қалыптасуы мүмкін.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақаланың теориялық тұжырымын айқындауда анализ, синтез, мәнмәтіндік таным әдістемелері мен сипаттамалық әдісі, сондай-ақ семантикалық талдау тәсілі пайдаланылды. Аталған әдістерді таңдау зерттелетін тақырып (құбылыс) туралы жан-жақты түсінік беру қажеттілігінен туындады. Зерттеу жұмысы зерттелетін құбылысқа талдау жасай отырып, дерек жинаудың бірнеше кезеңдері мен әдістерін қамтыды. Зерттеудің нысанын пайымдау үшін алдымен синергетика ұғымына шолу жасалады.

Мақалада сөз семасиологиясының қайта құрылымдалып, қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге және белгілі бір коммуникативті жағдайға бейімделе отырып, жаңа мағыналар мен жаңа семиотикалық белгілер тудыратын сөз синергетикасы туралы сөз қозғайтын боламыз. Тіл білімі саласы мамандарының назарын сөз мағынасының материалдануындағы «сиқырына» аударатын боламыз, әсіресе соңғы жылдары жиі қолданып жүрген сөз синергетикасы мен магиясы (фасцинациясы) туралы зерттеу жүргіземіз.

Талқылау мен бақылау. Синергиялық құбылыс кез келген тілде, оның ішінде қазақ тілінде де сөздің көпмағыналылық (полисемия - бірнеше салада әртүрлі заттың, нысанның атауы болғанымен, олардың мағынасы бір-бірімен өзара тығыз байланысты, жақын болып келуі), кеңмағыналылық (эврисемия – сөз әдетте жалпы бір салаға қатысты болғанымен, олардың ғылыми анықтамасы бір-бірінен алшақ болып тұруы), сөз мағынасының кеңеюі/ тарылуы, қазақ ұлтының тұрмысына тән заттар мен құбылыстардың, іс-әрекеттердің атауларының пайда болуына негіз болып, ұлттық таным негізінде метафоралану жолымен жасалып, сөз мағынасының құбылуы және сөздің конверсиялануы (конверсия - ағылшын тілінен аударғанда «conversion» ауысу, өзгеру деген мағынаны білдіреді), сондай-ақ архаизмдердің жаңғырып, қосымша мағына үстеп, қайта қолданысқа енуі сияқты үрдістермен сипатталады. Бұған әртүрлі экстралингвистикалық жайттардың (саяси жағдайлар, мемлекеттік формацияның ауысуы және т.б.) түрткі болуы әсер етеді. Қазақ тіліндегі мұндай сөз семасиологиясының синергетикалық үдерістері әлі де терең зерттеуді қажет етеді.

Қоғам, қоғамдағы адамдардың ойлау дәрежесі мен қабылдау танымы өзгерген сайын сөздің де семиасиологиялық бейнесі өзгереді және сөзді қолданушы адресат пен қабылдаушы адресанттың сол сөзге, оқиғаға қатысты аялық біліміне байланысты әртүрлі дәрежеде қабылдауы орын алады. Басқаша айтқанда, сөз арқылы шындықты қабылдауға да немесе басқа шындықтың көрінісін жасауға да болады.

Мысалы мәңгірт сөзі бір адам үшін ақыл-есі ауысқан, танымы мен пайымында ауытқушылық бар кеше адам ретінде қабылдаса, екінші адам ақыл-есі, сауаты бар, бірақ өз тарихы мен дәстүрін, әдебиеті мен мәдениетінен мақұрым тұлға ретінде қабылдайды.

Тағы бір мысал ретінде мақау сөзін келтіруге болады. Негізгі мағынасы сөйлеу қабілетінен айрылған мылқау адам ретінде болғанымен, автордың айтпақ ойына қарай контекстте ойлау қабілеті дамымаған, түсінігі төмен, су ми, надан, топас адам мағынасында жұмсалуды мүмкін.

Осындай өзгерістердің барлығы сөз бен оның қосымша, жанама мағыналарын, жаңа коннотациялар мен интонацияларды түсінбеу салдарынан болатына назар аудару қажет.

Бұл үшін арнайы ғылыми зерттеулер ғана емес, сонымен қатар коммуниканттардың сауатты сөйлеу тәжірибелерін қалыптастыратын дидактикалық құралдар қажет, мақсаты - лингвистикалық шындықты бағдарлай білу, оны уақтылы түзету, лингвистикалық заңдылықтарды ескеру. Аталған өзгерістер лингвомәдениеттегі құндылықтардың өзгеруімен байланысты, бұл өзгерістердің барлығы сөздің синергетикалық әлеуетін, тіпті ескі форма жаңа коммуникативті қажеттіліктерге сәйкес жаңа ассоциациялармен, коннотациялармен, мағыналармен толықтырылған кезде оның сиқырлы әсерін күшейтеді.

Сөз мағынасының кеңеюі, түрленуі, өзгеруі, құбылуы арқылы жасалған, яғни сөздің тұлғасы мен формасын өзгертпей-ақ үстіне жаңа, қосымша мағына үстеу арқылы толыққан лексикалық қорымыз біршама. Мысалы, қазақ хандығы дәуіріндегі кезеңде, нақтырақ айтсақ, ХҮІІІ ғасыр мен ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы ресми қағаз тілінде билеуші топтың қарсы жағы ретінде «қара халық» деген тіркес қолданылған екен [2, 114]. Қара сөзінің бұл аталған мағынасы қазіргі кезде де өз мәнін жойған жоқ, бірақ бұл сөзге «халық өкілі, көпшіліктің бірі» деген екінші бір заттық мағына үстелген. Кейін осы түр-түсті білдіретін қара сөзінің мағынасы одан әрі кеңі түседі.

О.Бөкейдің «Өз отынды өшірме» романынан қара сөзінің заттық түсін білдіретін мағынасынан басқа келесідей сөз тіркестері мен тұрақты сөз тіркесінен аңғарамыз: қара сөз, қара саны талу, қара суға қарқ болу, қара басын ойлау, қара танымау, қара басу, қара таяқ ұстау, қара суға түсу, қара күш иесі, қара тану, қара танымау, қара ұзу, қара түнек, ұрынарға қара таппау, қара нөсер, қара көже, қара жел, қара қатын, қара бет, мойнына қара тақта ілу, қара терге түсу, қара қотырлану, қара мекен, қара шегірткедей қаптау, қайыс(тай) қара, қара нардай қасқаю, қара жұмысқа жарамау, қара тұту, қара аспаңды төңдіру, қара құсынан ұру, қара қалды қақ жару, қара шаңырақ, ертеден қара кешке дейін, қара суды теріс ағызу, қара суды қуат қылу, қара ниет, қара суық, қара қағаз, қара дауыл, қара жамылу, қара барқын дүние, ішін қара мысық тырнап өту, қара мойын құл, ірі қара. Шығармада берілген мысалдар арқылы қара сөзінің ауыспалы мағынасы оның номинативтік мағынасына қарағанда әлдеқайда көп екенін білуге болады. Табиғатта, қоғамда басқа түр-түстер сияқты қара түстің де толып жатқан ауыспалы, шартты, символикалық мағыналары бар. Мысалдарды саралай келе, қара сөзінің келесідей бірнеше мағынасын анықтадық:

а) Сиыр, жылқы, түйе тәрізді ірі мал мағынасын берген;
ә) Қайтыс болған адамды аза тұту рәсімін білдірген;
б) Алыстан бұлдырап, қарауытып көрінетін бейне, жанды және жансыз зат тұлғасы;
в) Өлім-жітімге, қайғылы қазаға байланысты жамылатын, киінетін, тұтынатын азалы киім;

г) Қара жамылу – аза тұту, қайғылы күйді бастан кешіру мағынасын білдіреді;

ғ) Қою, қалың, тығыз: қара орман – қалың орман, жыңғыл;

д) Көз салу, назар аудару;

ж) Көлем, мөлшер, шама: бірнеше қара;

з) Қараңғылық, түн;

е) Қарапайымдылық;

и) Көңілсіз, сүреңсіз, тұңғияқ терең, қалғып-мүлгіген, бейғам;

к) Қатыгез, қаныпезер, ұятсыз, пиғылы жаман;

қ) Күшті, екпінді, тегеурінді;

Сондай-ақ тіліміздегі қара шаңырақ, қара домбыра, қара қазан сияқты тіркестердегі қара сөзі қасиетті, киелі, берекелі деген ұғымды білдіреді [2, 36].

Сонымен, бір ғана сын есім қара сөзінің жеке тұрғандағы немесе сөз тіркесі құрамындағы бірнеше түрлі түрлі мағынасы қазақ тілінің синергиясына дәлел болады.

Белгілі бір сөздің мағынасының өзгеріп, ауысып, құбылып және жалпыхалықтық сипат алуы үшін, аз уақыт кетпейтіні белгілі.

Тіл білімі саласының ғалымдары кез келген сөз басқа мағына үстеуі үшін келесідей 4 кезеңнен өтеді:

1) Алғашқы кезең: жаңа мағынада бірінші рет қолданылуы. Оған себеп болып отырған тілдік факторлар ретінде тілдегі ықшамдалу, сөз мағынасының тарылуы мен кеңеюі құбылыстарын атауға болады. Сөздердің жаңа мағынада алғаш рет қолданылуы ауызекі сөйлеу тілінде де, жазба тілде де жүзеге асуы ықтимал.

2) Екінші кезең: жаңа мағынада жиі қолданылуы нәтижесінде бұл мағына тілде орнығады, көпшілікке танылғаннан кейін қолданылуы дағдылы құбылысқа айнала бастайды. Яғни, сөздің мағынасы жалпыхалықтық сипатқа ие болады.

3) Үшінші кезең: аталып отырған жаңа мағына толығымен тұрақталады. Бұл кезеңде сөз өзінің алғашқы сындық мағынасынан қол үзеді немесе тілде алғашқы мағынасымен омоним немесе көп мағыналылық үстейтін екінші сөз қалыптасады.

4) Төртінші кезең: сөз басқа сөз таптарына түбегейлі өтіп, тілде күтілген нәтиже жаңа аталым пайда болады. Яғни, бұл кезеңде сөз ең жоғарғы деңгейі – аталым дәрежесіне жетеді. Сөйтіп, тілде заттың атын білдіретін жаңа атау пайда болады да, ол тілдік айналымға түсіп кетеді. Яғни, аталымдық қызметтің нәтижелері апробациядан өтіп, социуммен қабылданып, лексикалық қор құрамындағы сөзге айналады.

Осындай сөздерге шала, сұр, той, егеу, көрме, айтыс, жарыс, табыс, байланыс, жұрнақ, жалғау, қатынас, байланыс, тасымал, соғыс, күрес, жеңіс, өріс, жарыс, шаншу, жүдеу, қату, бітеу, оқу, байқау, жылу, сабау, жамау сияқты конверсия құбылысына (conversio - латын сөзі, трансформация деген мағынаны білдіреді, сөздердің бір сөз табынан екінші бір сөз табына ауысуы арқылы жаңа сөздердің жасалуы), яғни уақыт өте келе сөз мағынасының бір-бірінен алшақтап, екіге бөліну құбылысын жатқызамыз.

Лингвосинергетика – тілтанымдағы жаңа ғылыми парадигма ретінде салыстырмалы-тарихи, құрылымдық-жүйелік және антропоэлектік бағыттардағы жетістіктердің заңды жалғасы десек, тілді динамикалық құбылыс ретінде таңу басты принципі болып табылады. Сөз семасиологиясының синергетикалық заңдылықтарын қолдану:

- тіл туралы жаңа білімді ашуға;
- зерттеу нысанына өзгеше метатілмен талдау жасауға;
- дәстүрлі проблемаларға жаңаша көзқарасты қалыптастыруға;
- тілдің ішкі жүйелерінің қызметін және ондағы өзгерістерді көрсететін тетіктерді жаңа өлшемдер арқылы анықтауға мүмкіндік береді.

Сөздің семантикалық жақтан өзгеріп түрленуі тілдің сөздік құрамы дамуының басты жолдарының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып саналады. Сөз мағынасының өзгеруінің, жаңа мағынаға ие болуының екі түрлі себебі бар.

Біріншіден, сөз мағынасының өзгеруіне тілден тыс, сыртқы себептер әсер етсе (экстралингвистикалық), екіншіден, тілдік, лингвистикалық себептер әсер етеді. Сөздің мағынасының өзгеруіне әсіресе ішкі себептерден гөрі сыртқы себептер көбірек әсер ететіндігі байқалады. Сөз мағынасының ішкі (лингвистикалық) өзгерістерінің бір себебі, жаңа сөз немесе жаңа мағына сөздік құрамға келіп қосылғанда бұрыннан тілде бар сөздердің мағыналарынан өзара қарым-қатынасқа түсіп, солармен синонимдік байланыста жұмсалады. Мұндай жағдайда байланыс екі жақты болуы мүмкін. Сөздік құрамға келіп қосылған жаңа сөз не жаңа мағына бұрыннан тілде қолданылып келе жатқан байырғы сөздер мен байырғы мағыналардың жаңа сөздер мен жаңа мағыналарға сондай әсер етуі ықтимал.

Қазақ тілі бай тіл болғандықтан, тілімізде әр түрлі мағынада кездесетін сөздер өте жиі кездеседі. Сөз мағыналарының ауысуы, өзгеруі олардың келтірінді мағынада қолданылуы нәтижесінде іске асады. Келтірінді ауыспалы мағыналар өз ішінде метафоралық мағына, метонимиялық мағына, синекдохалық мағына болып сараланады.

Сөз мағынасы айналамыздағы зат пен құбылысқа байланысты туындап отырады. Сөз мағынасында әр тілдің өзіндік ерекшелігі мен өзіндік бояуы және ұлттық сипаты көрініс береді. «Әдетте қоғамның дамуы, сөз жоқ, болмыс, орта, зат, құбылыс жайында ұғымның жаңаруына, тереңдеуіне, өзгеруіне, ақыры кеңеюіне әкеледі. Сөз мағынасының кеңеюінің, өзгеруінің басты бір себебі сол сөз білдіретін ұғымның өзгеруінде деп тану қажет» [4, 34].

Сөзіміз дәйекті болу үшін кір сөзінің көпмағыналы сөз және омоним болуымен қатар, белгілі бір мағынасының екіге ажырап, конверсия түзуін және синергиялық ерекшелігін қарастырып көрейік:

Алдымен көпмағыналы сөз ретінде, яғни түпкі мағынасы бір, беретін мағынасы жуықтас, сөз ретінде қарастырып көрейік, сын есім:

- Таза емес, былғаныш, лас. Түсінбедім, – деді Нұржан қабырғаға қатарлай тізген маймай кір орындықтың біріне сықырлата жайғасып [5,106]

- Түрлі кір-қоң, кірлеген киім-кешек. Киім тігу, кір жуу дегеннің не екенін білмей бұла өсті [5, 200]

- Жуылған киім. Қап, шайдай ашып қойған кірімді мына рақымсыз желдің бүлдіргенінің қарашы [7, 213].

- Кір сабын - кір жууға арналған сабын.

Омоним сөз: етістік

Етістік: белгілі бір кеңістікке кіру. Үсті-басын қаққылай үйге қайта кіргенде, әкесі де басын көтеріп, төсегінде шошайып отыр екен [5, 120]. Кіру, ену: түсіне кіру Бәлкім, түсіне кіре беретін періште қыз осы үйде тұратын болар? [5, 124]

Омоним сөз: зат есім

Кір (гир) көтеру– халық арасында кең тараған спорт түрі. Шойыннан құйылған кірді бір қолмен көтеру арқылы орындалады.

Кір – таразы. Белгілі бір заттың ауырлық я жеңілдік салмағын өлшейтін түрлі нұсқада жасалған таразы.

Жүрегін пайдасы үшін жұрт ұсатпақ,

Кірмен өлшеп базарға ұстап сатпақ.

Оны сатып, ол кімді уатады?

Оның өзін тағы да кім уатпақ [7, 213].

Кір - таразыға салынған зат салмағын белгілейтін, анықтайтын әр түрлі салмақтағы темір тасы. Таразыға кір салды (Ауызекі). Ауыспалы мағыналары:

Кір - жаман ой, көңілдің бұзылуы, сенімсіздік, күдікшілдік. Жүректі мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық - бұл төрт нәрсебірлән кірлетпей таза сақтаса, сонда сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті жүректің айнасына анық рәушан болып түседі. Ондай нәрсе тұла бойыңа жайылады, тез ұмыттырмайды. Егерде бағанағы төрт нәрсемен жүректі кірлетіп алсаң, жүректің айнасы бұзылады, я қисық, я күңгірт көрсетеді. Енді ондай нәрседен оңды ұғым болмайды [7, 347].

Тұрақты сөз тіркестер:

біреуге кір жағу → жала жабу, атына дақ түсіру,

жүрекке кір салу → жүрегіне қаяу түсіру,

кір жуытпау → қорғау, жақсы атын сақтап қалу,

кір келтіру → ұятқа қалдыру,

кір шалмас → таза

жерге кіру → ұялу,

кірерге тесік таппау – қатты ұялу.

Синергия түзуі:

Кір көтерімді – кір жұқса білінбейтін қара түстес мата, киім деген мағынада,

Кір қалмау - Мұңдасқан көңілде кір қалмайды [7,265]

Имансыз көңіл — кірмен тең [8, 269]

«Айтып кеткен ақында арман бар ма? Жүрегінің түбіне кір жасырмай» [9, 269]

Кір жүрек [7,98]

Ел қатарына кіру [7,217]– қатардан қалмау,
Кіндік кесіп, кір жуған - атажұрт, туған жер,
Кіндігімді кескен жұрт,
Кір-қоңымды жуған жұрт [8, 143]

Бір ғана кір сөзінің осынша түрленуі, өзгеруі, құбылуы, омоним мен көпмағыналық құбылыстар түзуі, тұрақты сөз тіркестері арқылы мағынасының ауысуы тілдік жүйеде хаос/бейберекеттік тудырады. Бұны зерттеуші Б.Т.Ганиев «тілдегі хаоскосма» деп атайды [10, 700]. Ол еңбегінде аталған ұғымдардың тілдік жүйедегі көрінісін қарапайым түрде, мысалы сөздің пайда болу арналарындағы хаосты былай түсіндіреді:

- 1) Халық шығармашылығы;
- 2) авторлық шығармашылық;
- 3) уәкілетті мекеме бекіткен ғылыми терминдер;

4) Тілдегі хаостың сондай бір көрінісі – сөздер мен сөз тіркестерінің мән-мағынасының сөйлем контекстінде, сөйлем мәнінің мәтін контекстінде ашылуы. Адам сөйлемнің мәнін кодталған фракталдардың көмегімен қабылдайды, түсінеді [11, 420].

Сөз семасиологиясының синергетикасын түсіну ауызша және жазбаша қарым-қатынаста айтушы/сөйлеушінің мен жазушының ойын дәл қабылдау үшін қажетті дағдыларды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сөз синергетикасын қолдану - сөйлеу арқылы манипуляциялау (ықпал ету), яғни адресаттың танымдық және мінез-құлық әрекеттеріне жасырын әсер ету үшін тілдік ресурстарды шебер пайдалану. Сөйлеуді манипуляциялаудың жаңа әдістерінің пайда болуы әсіресе саяси, жарнамалық, бұқаралық ақпарат құралдарында және діни контексттерде айқын көрінеді.

Нәтижелер. Жалпы, сөз мағынасын құбылтып қолдану адам санасына, көзқарасына әсер етудің қуатты құралы ретінде танылған [12, 7]. Мысалы, метафора абстрактілі ұғымдарды нақтырақ және салыстырмалы түрде бейнелеуге мүмкіндік береді, бұл ұғым мен құбылыстың ерекшелігін, қасиетін түсінуді жеңілдетеді. Ирония мен юморды адам мен аудиторияны қызықтыру, эмоция тудыру және адамның қабылдауы қиын, ауыр хабарларды жеткізу үшін пайдалануға болады. Түрлі эпитет туғызу эмоционалды реакция тудыру және аудиторияның тақырыпты немесе мәселені қабылдауын қалыптастыру үшін қолдануы мүмкін. Гиперболаның функционалдық жүктемесі - асыра сілтеу арқылы екпін жасау және аудиторияға ұзақ әсер қалдыру болса, фонетикалық деңгейдегі аллитерация мен ассонанс дискурста ырғақ пен саз тудырып, ой мен хабарды есте қаларлықтай әсерлі етеді. Риторикалық сұрақтарды оқырмандарды өз көзқарасына тиімді тарту және олардың ойлауын қажетті қорытындыға бағыттау үшін пайдалануға болады, ал айтылым ұзақтығының өзгеруі екпін тудыруы немесе тақырыптың өзектілігін білдіруі мүмкін. Тұрақты сөз тіркестерін қолдану оқырманның бойында күшті эмоциялар тудырып, автордың дәлелін одан әрі күшейтеді. А.Қожахметова «М.Мақатаев өлеңдеріне жасалған талдау негізінде лингвосинергетика мәселесі жан-жақты сипаттауды постклассикалық емес деп аталатын жаңа ғылыми парадигма аясында» қарастырады [13, 45].

Теңеу қолдану тәсілі оқырмандардың сипатталған объектіні/құбылысты салыстыра қабылдауына, олардың эмоционалды бейімділігі мен ниеттілігін өзгертуге, адресаттың жеке санасының категориялық құрылымын қайта құруға қабілетті күшті прагматикалық сендіру әсеріне әкеледі. «Ұлттық тіл, ауызша сөйлеу мәселесіне келгенде синергетика қазақ дискурсының керемет үлгілері сонау заманнан бүгінге дейін жалғастық тауып келе жатқан фольклорлық мәтіндерде айырықша байқалады» [14, 15]. Осындай түрлі сөз синергиясын қолдану жалпы мәтінді визуалды және есту қабылдауынан байқалады. Жеке сөз мағынасының сөз тіркесінде өзгеруі немесе сөз тіркесі мағынасының контексте өзгеруі синергияның мәнін көрсетеді, өйткені мәтіннің жалпы мағынасы оның жеке құрамдас бөліктерінің мағынасымен сәйкес келмеуі мүмкін. Үзіндіде қолданылатын тілдік құрылыстар бір-бірінің прагматикалық әсерін күшейтеді және оқырманның қабылдауын басқаруға мүмкіндік береді.

Мақалада тіл біліміндегі синергетика ұғымының мәні ашылды, қазіргі әлемдік тіл білімі жүйесіндегі лингвосинергетиканың маңызына талдау жасалды.

5) Синергетиканың іргелі ұғымдарының бірі хаостың туындауына талдау жасалып, сол хаосты реттеудегі синергияның қызметі, маңызы талданады.

6) Сөз семасиологиясының синергетикалық заңдылықтарын қолдану мүмкіндіктері сараланды, нақтырақ айтсақ синергетика ілімі:

- тіл туралы жаңа білімді ашуға;
- зерттеу нысанасына өзгеше метатілмен талдау жасауға;
- дәстүрлі проблемаларға жаңаша көзқарасты қалыптастыруға;
- тілдің ішкі жүйелерінің қызметін және ондағы өзгерістерді көрсететін тетіктерді жаңа өлшемдер арқылы анықтауға мүмкіндік береді.

7) Сөз мағынасының өзгеру кезеңдері талданды, сөздің жалпыхалықтық сипат алып, қолданысқа ену кезеңдері анықталды, сондай-ақ қазақ тілі фактілеріне негізделіп, сөз мағынасын құбылтып қолдану мақсатына түсінік берілді;

8) Синергетика ілімінің ерекшелігі классикалық ғылым заңдылықтарын жоққа шығармай, зерттелетін объектілерге жаңа зерттеу қырынан қарауды ұсына отырып, толықтырулар енгізуінде екенін есте ұстау керек.

Қорытынды. Сөз синергиясын зерттеу Сепир-Уорфтың кеңес дәуірінде ұзақ уақыт бойы қатты сынға ұшыраған және тұншықтырылған гипотезасының, яғни тілдің көмегімен жаңа шындық жасалуы мүмкін екендігі туралы тұжырымының негізді екенін дәлелдейді. Сөз тілдің негізгі бірлігі болғандықтан, мұндай функцияны — жаңа оқиғаларды, жаңа шындықтарды және тіпті әлемнің жаңа бейнесін (бізді қоршап тұрған) құру функциясын - сөздің әр түрлі функцияларына жатқызуға болады.

Сөздің коммуникативті әлеуеті (сөз әрқашан байланысқа дайын), оның синергетикасымен, сиқырымен және манипуляциясымен түсіндіріледі. Сондықтан сөз, расында да үлкен әлеуметтік күшке ие құрал болып табылады, сол себепті де оны манипуляциялық мақсаттар үшін түрлі дискурста белсенді қолданады. Сөздің осы бір құдіретін қолдана отырып, сөз арқылы мүмкін емес әлем жасалады.

Сонымен тілдің даму барысында сөздің де мағыналық аясы кеңіп отырады. Тіл — тілдің лексемасында түрлі-түрлі мағынада жұмсалатын көп мағыналы сөздердің болуы сол тілдердің кедейлігін көрсетпейді, қайта оның байлығын, ондағы сөздердің мағыналық мүмкіндігінің молдығын, икемді және мәнерлі екендігін көрсетеді. Әрбір тілдің байлығы ондағы сөздердің санының молдығымен ғана өлшенбейді, сонымен қатар ондағы сөздердің мағыналық аясының кеңдігі, түрлі-түрлі мағынада қолданылуға икемділігі, мәнерлеуші, бейнелеуші тәсілдердің молдығымен де өлшенеді. Бұның өзі ондағы жеке лексемалардың семантикалық мүмкіндігімен байланысты.

Әдебиеттер

1. Khrumchenko D. The power of synergy in discourse: Exploring persuasive language in English mass media. Indonesian journal of applied linguistics. № 2, September 2023, – pp. 368-379. <https://ejournal.upi.edu/index.php/IJAL/article/view/63068>

2. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 319 б.

3. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. – 728 б.

4. Барлыбаев Р. Қазақ тіліндегі сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы. Фил. ғыл. канд. ... дис. – Алматы: 1963. – 124 б.

5. Бөкей О. Повестер. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.

6. Ерубәев С. Менің құрдастарым. Роман. – Алматы: Атамұра, 2003. – 171 б.

7. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.

8. Шал ақын. Өлеңдері мен әдеби зерттеулері / Құрастырған: Ж.Сүлейменов. – Алматы: Баспалар үйі, 2015. – 344 б.

9. Мақатаев М. Аманат. Жыр жинағы / Құрастырған: А.Алтай. – Алматы: Атамұра, 2002. – 304 б.
10. Ганеев Б.Т. Порядок и хаос в языке // Мир науки, культуры, образования. – 2020. – №6 (85). – С. 698-701.
11. Klymenko O. Synergetic Linguistics as a New Philosophy of Language Studies, Theory and Practice in Language Studies, № 2, pp. – pp. 417-423. <https://tpls.academypublication.com/index.php/tpls/article/view/2206>
12. Манкеева Ж.А. Қазақ сөзінің синергиясы. – Алматы: Қазақ ұлттық университеті, 2021. – 272 б.
13. Кожаметова А. Тіл біліміндегі синергетика ғылымы. – Алматы: Tiltanym- 2022. №4 (88). – С. 41-50.
14. Жумагулова А.М. Қазақ дискурсының лингвосинергетикасы. Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы. 2021. № 3. – С. 12-18.

Ж.А. ЖАКУПОВ, Қ.Б. ТҮЙЛЕБАЕВА

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан

СИНЕРГЕТИКА В СЕМАСИОЛОГИИ СЛОВА

Аннотация. Особый характер человеческой парадигмы в последующие периоды привел к когнитивному изучению языковой системы, ее единиц и отличительному реагированию на содержание и значение. Возрос интерес к образу человека в языке, к связи языка с сознанием. Тесная связь языковых единиц и их функционирование с психическими структурами и познавательными процессами стала основой ряда научных исследований.

Язык постоянно развивается. Развитие языка – это обмен, изменение, расширение, сужение и приобретение нового характера значения слова, составляющего этот язык. Основная причина, по которой слова претерпевают такие изменения, связана с расширением материи, явлений, их свойств, функций, а также с широким признанием этого понятия. Некоторые слова могут продолжать претерпевать неустойчивые изменения на протяжении веков. Это связано с внешними и внутренними факторами, влияющими на языковую систему, указанные факторы соответственно влияют на смену слов и их значений.

Статья посвящена явлениям, происходящим в системе языка, динамическим изменениям системы языка, в частности, синергетическому явлению в языковой системе, которое в связи с возрождением и введением в действие давно вышедших из употребления слов и фраз, их повторением в новых культурно-коммуникативных контекстах, постоянным движением и открытостью языковой системы формирует бесконечное увеличение значения и многозначность слов.

Ключевые слова: синергетика, лингвосинергетика, семасиология, хаос, конверсия, полисемия, эврисемия.

ZH. ZHAKUPOV, K.B. TUILEBAEYeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan

SYNERGY IN WORD SEMASIOLOGY

Annotation. The special character of the human-centered paradigm in later periods led to the cognitive study of the language system and its units and a distinctive focus on content and meaning. Interest in the image of a person in language, in the connection of language with consciousness has increased, the close connection of language units and their work with mental structures and cognitive processes has become the basis of a number of scientific studies.

Language is constantly in development, as it is a living phenomenon. Language development refers to the exchange, variation, change, expansion, narrowing, and acquisition of new meanings of words that constitute the language. The main reason for such changes in words is associated with the expansion of objects, phenomena, their properties and functions, as well as the widespread recognition of these concepts. Even some words can continue to undergo an unstable change over the centuries. This is due to external and internal factors affecting the language system, the listed factors affect the alternation of words and their meanings, respectively.

The article is devoted to the phenomena occurring in the language system, the dynamic change of the language system, in particular, the synergistic phenomenon in the language system, which forms an infinite increase in the meaning of words and expressions due to the revival and introduction of words and phrases that have long been out of use, their repetition in new cultural and communicative contexts, the constant movement and openness of the language system.

Keywords: synergetics, linguosynergetics, semasiology, chaos, conversion, polysemy, eurysemy.

References:

1. Khrumchenko D. The power of synergy in discourse: Exploring persuasive language in English mass media. Indonesian journal of applied linguistics. Vol. 13 No. 2, September 2023, – pp. 368-379. <https://ejournal.upi.edu/index.php/IJAL/article/view/63068>
2. Syzdyqova R. Qazaq әдеби тілінің тарихы. – Almaty: Ana tılı, 1993. – 319 b.
3. Qaliev B. Qazaq тілінің түсіндірме сөздігі. – Almaty: Memlekettik tildi damyту instituty, 2014. – 728 b.
4. Barlybaev R. Qazaq тіліндегі сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы. Fil. ғыл. kand. dis. – Almaty: 1963. – 124 b.
5. Bökei O. Povester. – Almaty: El-şejire, – 2013.-384 b.
6. Erubaev S. Meniñ qūrdastarym.Roman. – Almaty, Atamūra, 2003. – 171 b.
7. Abai. Ensiklopedia. –Almaty: Atamūra, 1995. – 720 b.
8. Şal aqyn. Öleñderi men әдеби zertteuleri / Qūrastyrған: J. Süleimenov. – Almaty: Baspalar üii, 2015. – 344 b.
9. Maqataev M. Amanat. Jyr jinaғы / Qūrastyrған: A.Altai. – Almaty: Atamūra, 2002. – 304 b.
10. Ganeev B.T. Porädok i haos v iazyke // Mir nauki, kültury, obrazovania. – 2020. – №6 (85). – С. 698-701
11. Klymenko O. Synergetic Linguistics as a New Philosophy of Language Studies, Theory and Practice in Language Studies, № 2, – pp. 417-423. <https://tpls.academypublication.com/index.php/tpls/article/view/2206>
12. Mankeeva J.A. Qazaq söziniñ sinergiasy. – Almaty: Qazaq ұлттық universiteti, 2021. – 272 b.
13. Kozhaxmetova A. Til bilimindegi sinergetika gylymy. – Almaty: Tiltanym. 2022. № 4 (88). – 41-50 p.
14. Zhumagulova A.M. Kazak diskursynyn. Sh. Ualixanov atyndagy Kokshetau universitetinin xabarshysy. Filologiya seriyasy 2021. №3. 12-18.

Авторлар туралы мәлімет:

Жакупов Жантас Алтаевич – филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

Жакупов Жантас Алтаевич – доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университетв имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Zhakupov Zhantas – doctor of Philology, Professor, L.N.Gumilev Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Түйлебаева Куралай Биадилловна – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Түйлебаева Куралай Биадилловна – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Tuilebaeyeva Kuralay Biadilovna – doctoral student of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.